

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



Дәстүрлі Тәжібаев оқулары шеңберінде өткізілетін әл-
Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80-жылдығына арналған
**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ
ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ»** тақырыбындағы
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
**«ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ
РАЗВИТИЯ ПРАКТИЧЕСКОЙ ПСИХОЛОГИИ В
КАЗАХСТАНЕ»**, посвященной 80-летию Казахского
национального университета имени аль-Фараби
в рамках традиционных ежегодных Тажихаевских чтений

MATERIALS

of International Research and Practical Conference
**«HISTORY OF FORMATION AND PROSPECTS OF
PRACTICAL PSYCHOLOGY DEVELOPMENT IN
KAZAKHSTAN»** Dedicated to 80th Anniversary of Al-Farabi
Kazakh National University within a frame of the traditional
annual Tazhibaev's readings

Алматы
27 ақпан 2014 ж.

<i>Moldashbayeva A.D., Baishukurova A.K.</i> Psychosomatic Influence on Oncological Disease	2
<i>Мусина Т.М., Урмурзина Б.Г., Жолдасова М.К.</i> Психологические особенности изучения уровня тревожности неврологических больных	3
<i>Надырбекова Э.А., Қожанова А.</i> Басқару саласындағы гендерлік айырмашылықтарға психологиялық шолу <i>Наурызалина Д.Г., Таумышева Р.Е., Кадырова Ж.А.</i> Психологические аспекты формирования смысложизненной стратегии современных студентов психологов	3
<i>Нысанова К., Айтбаева А.Б.</i> Құқықтық тәрбие – құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың басты шарты	3
<i>Омарова С.С., Сапарғалиева М.</i> Еңбекке тәрбиелеудегі ұлттық психология мәселесі	3
<i>Оңалбеков Е.С., Абдуллаева М.</i> Әлеуметтік желілердегі девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс жасау технологиялары	4
<i>Өскенбай Ф.С., Қалымбетова Э.К., Базарбекова А., Ахтаева Н.С., Толегенова А.А.</i> Тұлғаның аддиктивті мінез-құлықның психологиялық ерекшеліктері	4
<i>Пузиков М.Ф., Балтабаева А.</i> Творческая личность и гениальность как социальное явление	4
<i>Рахимжанова Н.А., Беленко О.Г.</i> Современные проблемы социализации детей в условиях семьи	4
<i>Садықова Н.М.</i> Студенттердің қадағалау локусы және олардың тұлғалық өзіндік анықтауының өзара байланысы	4
<i>Саипова А.А., Сатыбалдина Н.К.</i> Понятие эффективности трудовой деятельности в психологии и методы ее оценки	4
<i>Сакиева З.М.</i> Қазіргі уақыттағы жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез- құлықтың көбею себептері және алдын алу шаралары	4
<i>Сарманова С.</i> Педагогикалық үрдісте конфликтілі жағдайды алдын алу жолдары	4
<i>Сатыбалдина Н.К.</i> Гендерные стереотипы в семейных отношениях	4
<i>Сейітнұр Ж.С.</i> Мәдениет психологияның пәні ретінде	4
<i>Сейітнұр Ж.С., Нурсейтова М.Б.</i> Шағын кәсіпкерлікті жүргізудің этнопсихологиялық ерекшеліктері	4

<i>Спатай Ж.</i> Тұлғаның кәсіби мамандануына қарым-қатынастың ықпалы	461
<i>Сүлейменова Г.Т., Манжугулова А.Е.</i> Комплексный подход оценки и отбора персонала	465
<i>Тоқсанбаева Н.К., Аязбаева Г.Б.</i> Ата-ананың жасөспірімдерді тәрбиелеуде коммуникативті дағдылардың қалыптасуын анықтау	471
<i>Тоқсанбаева Н.К., Аязбаева Б.Б.</i> Жеткіншектердің ата-ананың тәрбие беру стилін қабылдауына байланысты қалыптасатын коммуникативтік дағдылардың әсері	480
<i>Толегенова А.А., Джасакунов М.С., Наурызалина Д.Г.</i> К вопросу изучения эмоций и эмоционального интеллекта посредством ЭЭГ метода	490
<i>Умирзакова А.М., Утемисова Г.У., Наурызалина Д.Г.</i> Социально-психологические проблемы инклюзивного образования в Казахстане	497
<i>Ферхат Н.</i> Гендер и творчество: нейропсихологический анализ	501
<i>Шадьманова Ж.Ә., Қалымбетова Э.К.</i> Еңбек ету барысындағы тұлғалық ерекшеліктердің психологиялық астарлары	507
<i>Шестель В.В.</i> «Основы экономики и финансовой грамотности» - новое психолого- педагогическое направление по экономической грамотности учащихся	513
<i>Шнейдер В.В.</i> Психологические особенности проявления профессионального выгорания у врачей-гинекологов: ориентация на результат, а не на пациента	517
ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ «Т.Т. ТӘЖИБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКА МЕН ПСИХОЛОГИЯ»	
КРУГЛЫЙ СТОЛ «Т.Т. ТАЖИБАЕВ И СОВРЕМЕННАЯ ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ»	
<i>Ахметова М.К.</i> Учения Л.Брюля, Ж.Пиаже и Л.С. Выготского в свете Критической оценки академика Т.Т. Тажибаева	523
<i>Коркбаева З.Т.</i> Педагог-психологтың жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін дамыту жұмысындағы қызметі	532

ТҰЛҒАНЫҢ АДДИКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Өскенбай Ф.С.,
Қалымбетова Э.К.,
Базарбекова А.,
Ахтаева Н.С.,
Толгенова А.А.

Аддикцияны немесе тәуелділікті зерттеу мәселесімен (ағылшын тілінде addiction–тәуелділік) бірнеше, оның ішінде: психология, әлеуметтану, медицина ғылымдары айналысады. Шетелде жиырма бірінші ғасырда аталған ғылымдардың тоғысуынан жаңа – аддиктология деген тәуелділікті зерттейтін ғылым қалыптасты. Қазіргі таңда аддиктология төмендегідей: нашақорлық аддикциясы (сонымен қоса токсикомания), ішімдік, темекіге деген аддикция, компьютерлік, ойындық (компьютерлік ойындарға тәуелділік), еңбекке деген тәуелділік, экзотикалық тағамдарға, махаббаттық және жыныстық (бұл екі түрлі көріністе), адамдарға, заттарға және оқиғаларға тәуелділік және көптеген басқа түрлерін зерттейді.

Заманауи зерттеулерде аддиктивті мінез-құлықтың үш мәселелік өрісін айқындауға болады: 1) аддикцияның пайда болу себебін зерттеу; 2) аддиктивті мінез-құлықтың динамикасын зерттеу; 3) аддиктивті мінез-құлықты түзету мәселесі.

Аддиктивті мінез-құлықтың пайда болу себебтерінің ішінен тұлғааралық қарым-қатынасты ерекше орын алады. Тұлғааралық қарым-қатынастағы рөлдердің бұзылысы туралы В.Н. Мясичев көрсетіп кеткендей, қарым-қатынас - тұлғаның көп қырлы тұстарын айқындайды және сол арқылы қалыптасады, дамиды.

Заманауи аддиктология кез-келген аддиктивті мінез-құлықтың формасының аспектісі - тұлғалық қарым-қатынастың бұзылысы деп қарастырады. Психологиялық сөздікте көрсетілгендей, аддиктивті мінез-құлықтың формасы ең алдымен тұлғалық қатынастың редукциялық жүйесімен сипатталады. Аддиктивті мінез-құлық - деструктивті мінез-құлықтың ерекше формасы ретінде арнайы психикалық күйді өзгерту арқылы шындықтан кетумен көрініс табады.

Эпидемиялық модель бойынша дамып отырған тәуелділіктің дәстүрлі түрлері нашақорлық (токсикоманияны қоса), алкогольдік немесе темекі тәуелділіктерімен күрес құралдарын іздеу және жетілдірумен қатар, тәуелділік туралы кеңірек түсінік қалыптастыруға деген айқын тенденция байқалады. Шынайы өмірде сананың жағдайын өзгерту жолымен «кету» әдістерінің алуан түрлілігі жайлы мәселе қойылады. Сананың өзгертілген жағдайлары жайлы мәселе психологияда кеңінен танымал.

Аддиктивті іс-әрекеттің мәні, шынайы өмірдегі жағдайлардан қашуға талпынып, адамдар қауіпсіздік, тепе-теңдікті қалпына келтіру иллюзиясын беретін жағдайға өзінің психикалық жағдайын жасанды түрде өзгертуге тырысады. Аддиктивті іс-әрекеттің фармакологиялық және фармакологиялық емес сипаттағы түрлері бар. Олар аддиктердің ғана емес, сонымен қатар, олардың айналасындағылардың да денсаулығына (физикалық және психикалық) қауіпі зор. Олар тұлға аралық қатынастарға айтарлықтай зиян келтіреді [1-3].

Аддиктивті мінез-құлық – қарқынды эмоциялардың дамуымен сүйемелденетін, өзінің психикалық жағдайын кейбір заттарды қабылдап немесе өз зейінін тұрақты түрде белгілі бір заттарға немесе белсенділіктерге (қызмет түрлеріне) шоғырландыру арқылы өзгерту жолымен шынайы өмірден қашуға тырысудан көрінетін деструктивті іс-әрекет формаларының бірі. Бұл үрдістің адамды өзіне тартып алатындығы соншалық, ол оның өмірінің өзін де басқара бастайды [1, 4, 5].

Аддиктивті тұлға өз ұмтылыстарында мәселеден құтылудың – жан сақтаудағы өзінің әмбебап, бірақ, біржақты тәсілін іздейді. Аддиктің табиғи бейімделушілік мүмкіндіктері психофизиологиялық деңгейде бұзылған. Бұл бұзылыстардың бірінші белгісі психологиялық ыңғайсыздық (дискомфортты) сезімі. Психологиялық комфорт әртүрлі, ішкі және сыртқы себептерден бұзылуы мүмкін. Өмірде әрқашан көңіл-күй бір түсіп, бір көтеріліп отырады, бірақ, бұл жағдайларды индивидтер әртүрлі қабылдап оларға әртүрлі жауап береді. Біреулері тағдыр тәлкегіне қасқая қарсы тұрып, болып жатқан істер үшін өзіне жауапкершілік алып, шешім қабылдаса, басқалары көңіл-күйі мен психофизикалық тонусының қысқа уақыттық және болар болмас өзгеруін басынан әрең өткізеді. Мұндай адамдардың фрустрацияны бастан өткізуі төмен болады. Олар психологиялық комфортты қалпына келтіру тәсілі ретінде психикалық жағдайын жасанды өзгертіп субъективті жағымды эмоциялар алуға ұмтылады. Осылайша, мәселенің шешілгендік иллюзиясы пайда болады. Шындықпен күресудің мұндай тәсілі адамның іс-әрекетінде бекіп, шындықпен қарым-қатынас жасаудың тұрақты стратегиясына айналады [6, 7].

Аддикция және тәуелділік терминдері отандық ғылым үшін айтарлықтай жаңа терминдердің бірі – бұл терминдер осыдан он жылдай бұрын А.Е. Личко мен Н.Я. Иванов құрастырған «Қазіргі заманғы американдық психотерапевтикалық терминологиясы» сөздігінде Ресейде қабылданған өзгешеліктерімен қолданылды дейді. Шет елдерде олар айтарлықтай кең қолданылады. Терминологиялық келіспеушілік жағдайында бір авторлар аддикцияны ауыру ретінде, ал тәуелділікті іс-әрекеттің ілеспелі формасы ретінде түсінеді, басқалары қарама-қарсы ойды ұстанса, үшіншілері бұл терминдерді айырмайды немесе оны ретімен жасамайды.

Ресей мамандарының арасында тәуелділіктің психологиялық формаларының өзіндік жеткіліктілігін (аддикцияны) Ц.П. Короленко біртіндеп